

**Мамандық бойынша тест: 1-пән**

1. Мектепке дейінгі балалар тілін дамыту әдістемесі пәнінің негізгі мақсаты

- A) баланың қабылдауын зерттейді.
- B) практикалық жұмыстарды зерттейді
- C) баланың ой-өрісін, ақыл-ойын дамытады
- D) ұлттық тілдің қоғамдық әлеуметтік рөлін анықтайды
- E) мектеп жасына дейінгі балалар тілін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық қызметтің заңдылықтарын қарастырады
- F) Балаларды мектепке тәрбиелеу

2. Балалардың қабылдауы бойынша құрастыратын сипаттама әңгімелер

- A) Ойыншықтар мен ойындарды сипаттайтын
- B) Нақты заттар туралы
- C) Хат түріндегі әңгіме
- D) Картина бойынша құрылатын сипаттама
- E) Салыстырмалы-суреттемелі әңгіме
- F) Жекелей іс-тәжірибеге негізделген әңгіме

3. Сөздік әдісінің түрлері

- A) Мәнерлеп оқу
- B) Оқу, жаттау
- C) Қайталау
- D) Шығарма мазмұнын қайталап айту
- E) Үлгі бойынша сөйлеу
- F) Түсіндіру, мақтау
- G) Мазмұндау, баяндау

4. Балабақшада баланың пассив сөздерін белсендіруде ескерілетін ұстанымдар

- A) Орыс тіліндегі аудармаларды естеріне салып отыру
- B) Сөзге қатысты үдерісті белсенді танымдық әрекеттер негізінде ұйымдастыру
- C) Оқыту жүйесіне жаңа сөздерден тұратын тақырыптар енгізу
- D) Үштілділік ұстанымын сақтау, әр сабақта жаңа сөз аудармасын беру
- E) Сөздік жұмыстарының міндеттерін өзара бірлікте, жүйелі түрде жүзеге асыру
- F) Пассив сөздердің түрлерін жіктеп, мағыналарын түсіндіру

5. Мектепке дейінгі мекемедегі педагогтер кеңесінің атқаратын қызметі

- A) Сұрақтар бойынша кеңес береді
- B) Педагогикалық іс-тәжірибені, жаңа технологияларды анықтауды, жинақтауды, тәжірибеге енгізуді, таратуды ұйымдастырады
- C) Мектепке дейінгі мекеменің қалыпты жұмысын, міндеттелген жұмыстарын ұйымдастырады
- D) Тіл дамыту бойынша білім беру әрекеттерінің бағытын анықтайды
- E) Білім беру үдерісінің мазмұнын, формалары мен әдістерін талдайды
- F) Міндеттелген педагогикалық үдеріс

6. Балаларды көркем шығармалармен таныстыруда балабақшаның алдына қойылатын міндеттер

- A) Көркем шығармаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу
- B) Шығарма түрлерін топ ерекшелігіне қарата, балалардың эстетикалық қабылдауына сәйкестендіріп беру
- C) Балаларды мәтінге қарапайым тілдік талдау жасай алуға үйрету
- D) Шығарманы сахналандыру
- E) Мәтін түрлерін жанрлық ерекшеліктеріне қарай жіктету
- F) Авторлардың өмірбаянымен таныстыру
- G) Балалардың сөздік қорын дамытуға қолдану

7. Сөйлеу тілінің атқаратын қызметтері

- A) Танымдық
- B) Жетекшілік
- C) Қарым-қатынас
- D) Ойлауға тәрбиелеу
- E) Қабылдау
- F) Тәрбиелік

8. Мектепалды тобы балаларының тіл мәдениетіндегі сөйлеуге байланысты кемшіліктер

- A) Сөзқабылдағыш не сөзқозғалтқыш аппараттарды басқаратын орталықтардың дұрыс қызмет істемеуі
- B) Баланың сөйлеу аппараттарында туа пайда болған кемшіліктер
- C) Үйдегі келеңсіз жағдайлардан қорқынышы
- D) Үлкендердің тіл мәдениетіне мән бермеуі
- E) Ата-ананың баланы сөйлетпей басып ұстауы
- F) Педагогикалық жұмыстардың мекемеде дұрыс жүргізілмеуі

9. Тіл дамыту әдістемесінің әдістері

- A) Сөздік
- B) Баяндау
- C) Практикалық
- D) Бақылау
- E) Дидактикалық ойындар
- F) Өңгімелеу
- G) Көрнекілік

10. Байланыстырып сөйлеудің түрлері

- A) Реплика
- B) Екі адам арасындағы тілдесім
- C) Сұрақ - жауап
- D) Хабарлама
- E) Өзімен өзі сөйлесу
- F) Монолог
- G) Өңгімелесу